

Ақтөбе облысының Қандыағаш қаласында қуаты 100 МВт газ турбиналық электр станциясын салу және пайдалану жобасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 маусымдағы N 579 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 11 - 13 мамырда Ақтөбе облысына жұмыс сапары барысында берген тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Ақтөбе облысының Қандыағаш қаласында қуаты 100 МВт газ турбиналық электр станциясын салу жобасын іске асыру қажеттілігі туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысының Қандыағаш қаласында қуаты 100 МВт газ турбиналық электр станциясын салу және пайдалану жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Орталық атқарушы органдар, сондай-ақ өзге де мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар Жоспарды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 26 маусымдағы
N 579 қаулысымен

бекітілген

Ақтөбе облысының Қандыағаш қаласында қуаты 100 МВт газ турбиналық электр станциясын салу және пайдалану жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауаптылар	Аяқталу мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді ұйымдастыру және мемлекеттік сараптама жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Ақтөбе облысының әкімдігі (жинақтау), "Қандыағаш ГТЭС" АҚ	2006 жылғы тамыз
2.	Ақтөбе облысының Қандыағаш қаласында қуаты 100 МВт газ турбиналық электр станциясын салу жобасы бойынша "Инвестициялар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	И С М (жинақтау), ЭМРМ, ЭБЖМ, Қаржымині, Ақтөбе облысының	

	туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген инвестициялық преференцияларды беру туралы мәселені қарау		әкімдігі, "Қандыағаш ГТЭС" АҚ	2006 жылғы қыркүйек
3.	"Ақтөбе облысының Қандыағаш қаласында қуаты 100 МВт газ турбиналық электр станциясын салу мен пайдалануға арналған концессиялық келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы	Э М Р М (жинақтау), Э Б Ж М, Қаржымині, Т М Р А, Ақтөбе облысының әкімдігі, "Қандыағаш ГТЭС" АҚ	2006 жылғы қыркүйек
4.	"Ақтөбе облысының Қандыағаш қаласында қуаты 100 МВт газ турбиналық электр станциясын салу және пайдалану жөніндегі концессиялық келісім шеңберінде мемлекеттің кепілгерлігін беру туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы	Қаржымині, (жинақтау), ЭМРМ, ЭБЖМ, Ақтөбе облысының әкімдігі, "Қандыағаш ГТЭС" АҚ	2006 жылғы қыркүйек
5.	Инфрақұрылым облигацияларын шығару және бірінші кезекте жинақтаушы зейнетақы қорлары, сондай-ақ басқа да институционалдық инвесторлар арасында орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	"Қандыағаш ГТЭС" АҚ, Ақтөбе облысының әкімдігі	2006 жылғы желтоқсан
6.	"Қандыағаш ГТЭС" АҚ Қандыағаш-Мақат темір жол учаскелерін электрлендіру кезінде энергия көздерінің бірі ретінде белгіленсін	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	К К М (жинақтау), ЭМРМ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ, "KEGOC" АҚ, Ақтөбе облысының әкімдігі, "Қандыағаш ГТЭС" АҚ	2006 жылғы желтоқсан
7.	Ақтөбе облысының мұнай-газ кен орындарынан көлемі 220 млн. м ³ дейін ілеспе газды "Қандыағаш ГТЭС" АҚ-тың пайдалану қажеттілігі үшін 2009	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	"ҚМГ" ҰК" АҚ, Ақтөбе облысының әкімдігі, "Қандыағаш ГТЭС" АҚ	

Ескертпелер

- Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрлігі
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу
және қадағалау агенттігі
ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
"Қандыағаш - "Қандыағаш газ турбиналық электр станциясы"
ГТЭС" АҚ акционерлік қоғамы
"KEGOC" АҚ - "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания "
KEGOC" акционерлік қоғамы
"ҚМГ" ҰК" АҚ - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
"ҚТЖ" ҰК" АҚ - "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы